



Бекітілді 
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай-бақшасы
Ж.К. Қосуақова Ж.К
«01»_09_2023 ж.

**«КҮНШУАҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» ЖЕКЕ МЕНШІК
МЕКЕМЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ**

- | | |
|-----------------------------|---|
| 1. Ұйымдық-құқықтық нысаны: | жеке меншік |
| 2. Меншік түрі: | жеке меншік |
| 3. Мекен-жайы: | 130505. Қазақстан Республикасы
Маңғыстау облысы,
Түпқараған ауданы,
Таушық ауылы |

Таушық, 2023 жыл

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы» қызметінің

Жалпы ережелері

1. «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы» қағидалары (бұдан әрі- Мектепке дейінгі білім беру ұйымы) Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі-«Білім туралы-Заң» сәйкес әзірленеді.
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметінің мақсаты мемлекеттің мүдделерін толық қанағаттандыруға, Қазақстан Республикасы «Білім туралы » заңнамасына сәйкес тәрбиелеу мен білім беру тапсырмасына жүзеге асыру болады.
3. Мектепке дейінгі ұйымда 1-6 жасқа дейінгі тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу бойынша қамтамасыз етеді.
4. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттері:
 - Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
 - Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
5. Мектепке деінгі білім беру ұйымының негізгі құрылымдық 1-6 жас аралығындағы тәрбиеленушілер тобы болып табылады.Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығы « Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
7. Топтар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және толық күн болу режимде қызмет етеді.
8. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде төмендегі заңтарды басшылыққа алады:
 - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> _
 - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> _
 - «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> _
 - «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306> _
 - «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343> _

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық

қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық

және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды

даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға,

орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге

мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323>

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін

көрсетудің үлгілік шарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы

білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру

нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер

көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке

дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-

әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы

тізбесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері

жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619> Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
«Үздік педагог» атағын беру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472>
Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>
Педагогтік қайта даярлау қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147> Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053>
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229> —
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>
Өрт қауіпсіздігі қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>
Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

9. Мектепке дейінгі ұйым меншік нысаны бойынша жеке меншік болып табылады.

10. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

11. Мектепке дейінгі ұйымда баланың орны мынадай:

- 1) Бала ауырып қалғанда;
- 2) Бала медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделген және сауықтырылған;
- 3) Ата-ананың немесе заңды өкілдерінің біреуіне еңбек демалысы берілген.
- 4) Бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылған жағдайларда сақталады.

12. Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдардан мынадай:

1. Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлем ақы уақытылы төлембеген (Төлем ақы белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);

2. Бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

3. Дәрігерлік бақылау комиссиясы анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қортындысы болған жағдайларда шығарады.

13. Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардан немесе заңды өкілдерден төлем ақы алу тәртібін мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы белгілейді.

14. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы үш жылды бір рет «Білім туралы» Заңға сәйкес аттестаттаудан өтеді.

Педагог қызметкер бес жылда кемінде бір рет аттестаттауды олардың ведомствалық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, жоспарлы түрде бес жылда бір рет өткізеді.

15. Мектепке дейінгі ұйым:

1) Өз ережесінде белгіленген функциялардың орындалуын;

2) Балалардың өмірімен денсаулығын қорғауды;

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;

4) Педагогикалық процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдіскердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтарымен қажеттілігіне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

16. Мектепке дейінгі ұйымдар алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдармен бірлесіп, балаларды мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер жүзеге асыратын ағымдағы медициналық бақылауды, иммундауды және профилактикалық тексерулер ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтеді.

17. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды үйлесімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескерте отырып жүргізіледі, оның жиелігі санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен айқындалады.

18. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгіленген тәртіппен білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсете алады. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуі, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай –ақ мектепке дейінгі ұйымның ережесіне айқындалады.

2. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық қызметпен айналысуға білімі мен біліктілігін тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған педагогикалық білім бар (техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі) адамдар жіберіледі.

4. Мектепке дейінгі ұйымдар және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары және білім беру ұйымдары мектеп алды топтары және білім беру ұйымдары мектепалды сыныптарының педагог қызметкерлеріне айлық еңбекақыны есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағаттан артық емес болып белгіленеді.

«Білім туралы» Заңның 30-бабының 2-тармағына сәйкес мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепке оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылданған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де шарттар айқындалады.